**Түркістан облысы**
**Келес ауданы**

# АЛҒЫС ХАТ

***Құрметті Нұрсұлу Шақпақбайқызы!***

*Сізді шұғылалы көктемнің шуақты мерекесі*
*«8-наурыз Халықаралық әйелдер» күні мерекесімен*
*шын жүректен құттықтаймын!*
*Әрқашан ажарланып, күлімдеген күндей нұрланып,*
*шаттық пен қуанышқа бөленіп, береке-бірліктің*
*бастаушысы, игі істердің қостаушысы*
*болғаныңыз үшін алғыс білдіремін.*
*Деніңізге саулық, шаңырағыңызға шаттық,*
*атқарып жүрген еңбегіңізге толағай*
*табыс тілеймін.*

***Келес аудандық***
***мәслихатының хатшысы*** ***А.Тотиков***

Абай ауылы
2021 жыл

«Келес ауданы бойынша Сапарәлі Селтанов атындағы білім, спорт және бюджеттік мекемелері қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» Қоғамдық бірлестігі

ОО «Локальный профессиональный союз работников образования, спорта и бюджетных учреждений имени Сапарали Селтанов по Келесскому району»

# АЛҒЫС ХАТ

**Құрметті** Умирамиева Нурсулу**!**

*Сізді көктемнің алғашқы шуақты мерекесі 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!*
*Сізге баршаға үлгі, жарқын істердің бастаушысы, ел бірлігінің ұйытқысы, ырыс пен ынтымақтың алтын діңгегі болуыңызға тілектестік білдіремін!*
*Көктем мерекесі көңіліңізге қуаныш сыйлап, жүзіңізге шапағат шуағын шашсын!*
*Әр таңдарыңыз арайлап атып, күндеріңіз нұрға толсын, отбасыңызға мықты денсаулық, мол береке, бақыт, болашаққа зор сенім, көтеріңкі көңіл күй тілеймін!*
*Сізді кәсіподақ жұмысының алға басуы мен білім беру сапасының өркендеуі жолында адал қызмет етіп, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі ерен еңбектеріңіз үшін зор алғысымды білдіремін!*

*Кәсіподақ төрағасы* *Е. Селтанов*

*Тіркеу №* 840

8 Наурыз

Келес - 2021 жыл



# Алғыс хат

*Құрметті Умиралиева Нурсулу Чакбакбайқызы !*

*Сізді шұғылалы көктемнің шуақты мерекесі «8-наурыз Халықаралық әйелдер» күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Әрқашан ажарланып, күлімдеген күндей нұрланып, шаттық пен қуанышқа бөленіп, береке-бірліктің бастаушысы, игі істердің қостаушысы болып жүруіңізге тілектеспін.*

*Деніңізге саулық, шаңырағыңызға шаттық, атқарып жүрген еңбегіңізге мол табыс тілеймін.*

*Абай ауылы әкімі* *Е.Т.Абдирахманов*

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

# АЛҒЫС ХАТ

***Құрметті Нурсулу Умиралиева!***

*Сізге «ТАҒЫЛЫМ» ғылыми-әдістемелік журналының дамуына елеулі үлес қосып, өз тәжірибелеріңізді еліміздің педагогикалық қауымымен бөліскеніңіз үшін шын жүректен алғыс білдіреміз!*

*Өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі сіңіріп жатқан қажырлы еңбегіңізге табыс, отбасыңызға береке, бірлік тілейміз!*

**Құрметпен,**
**Бас редактор** **Н. Куандыков**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АСТАНА ҚАЛАСЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ • РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН Г. АСТАНА ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ • ЖШС «Информационно-аналитический центр «Рухани жаңғыру» ТОО

*Нұр-Сұлтан қаласы, 2020 жыл*

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»**
**«ТАҒЫЛЫМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ**

# ДИПЛОМ

## І ДӘРЕЖЕ

«Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы және
**«ТАҒЫЛЫМ»** республикалық ғылыми-әдістемелік журналы ұйымдастырған
**«Үздік педагогикалық жұмыстар»** республикалық конкурсының
**«Үздік мақала»** номинациясы бойынша
І орын алғандығы үшін

***Нурсулу Умиралиева***

**МАРАПАТТАЛАДЫ**

**АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОР** — **Ғ. ЗАМБАЕВА**

26 ҚАЗАН 2020 ЖЫЛ

№ 2020 10(81)-433-ТК

«Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы — РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ — Қазақстан Республикасы

**Нұр-Сұлтан, 2020**

**№3 «Көркем» бөбекжай бақшасы**

# Алғыс хат

***Құрметті: Умиралиева Нурсулу Чакпакбаевна***

*Сізді, көктемнің алғашқы хабаршысы іспеттес, бұл өмір өрнегі, тіршілік тірегі қыз-келіншектер мен ардақты аналардың Халықаралық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.*

*Сізге шексіз алғысымызды білдіре отырып, мықты денсаулық, ұзақ та бақытты ғұмыр тілеймін. Балабақшамыздың гүлденіп, өркендеуіне ат салысып аянбай еңбек ете беруіңізге сенемін.*

*Ізгі тілекпен*
*Балабақша меңгерушісі:* *Омарова У.М.*

*2022 жыл*

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІ НАСИХАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

# Алғыс хат

Тіркеу №001403

Мемлекеттік рәміздер — халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.

Жалпы орта білім беру саласында
ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау бағытындағы жұмыстарды жандандыруға ат салысқаны үшін
№3 «Көркем» бөбекжай бақшасының
қызметкері

## Умиралиева Нурсулу Чакбакбаевна

Алғыспен мадақтайды.

Ұлттық орталығының
Атқарушы директоры
Р.Хамза

Келес ауданы
Түркістан облысы
2020 жыл

# СЕРТИФИКАТ

**«Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы**
**«ТАҒЫЛЫМ» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы**

*Нурсулу Умиралиева*

**«ТАҒЫЛЫМ»** республикалық ғылыми-әдістемелік журналының 2020 жылғы қазан айындағы №10(81) санында **«Үздік педагогикалық мақалалар»** атты конкурсының жинағына **«Мектепке дейінгі ұйымдарда жапсыру түрлері»** тақырыбында материал жарияланғанын растайды

№ 2020 10(81)-464-ТК

**Атқарушы директор** **Ғ. Замбаева**

**Нур-Султан, 2020**



**НУРСУЛУ УМИРАЛИЕВА,**
МКҚК №3 «Көркем» бөбекжай бақшасының I санатты тәрбиешісі
Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЖАПСЫРУ ТҮРЛЕРІ

абақша балалары болашақ иесі ктан дүниежүзілік мәдениетті танитын, і мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары болуы міндетті. Ата-бабаларымыздың бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін мдер бойында саналы сіңіріп, қоршаған карым-катынасын, мінез-құлқын, өмірге зқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру байланысты.

ктепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр -әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, деген қайырымдылық, мейірімділік, лық, достық, жолдастық сезімдерді уге болады. Ал балаларды қоршаған таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен у, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне мен сыйластык сияқты адамгершілік қалыптастырылады.

ктеп жасына дейінгі балалар жапсырудың ды кесу және жапсыру сияқты барлық рін меңгереді. Бұл жұмыстың түрін дайындық жаттығулары – мозаикамен ып табылады.

псыру процесін игеруге жапсырусыз р кесу жұмыстары көмектеседі (балалар п ойнау үшін билеттер, жалаушалар т.с.с. қайшыны қолдануды үйренеді ).

абақшада Жапсырулық жұмыстардың формаларын жапсыру (декоративті-ялық және өсімдік формаларынан, заттық – шектермен силуэттерден ) мен кесу және рды жапсыру (жеке заттарды, сюжеттік, сияқты түрлерін қолданады.

ктеп жасына дейінгі балалар формалардың бөлшектерін немесе силует түрлерін не болады. Затты жеке бөлшектерден құрастыру олар үшін сурет салғандағы немесе мүсін жасаудағы конструкциялық бейнелер сияқты оңайға түседі. Силуэттік кесу кесу балалар үшін қиындау, себебі оларға әр уақытта заттың жалпы контуры мен оның жеке бөлшектері арасындағы пропорцияны салыстырып отырулары керек. Сондықтан, күрделі формаларды кесу програмада тек мектепке даярлық топтары үшін қарастырылған.

Балалардың фантазиясын, қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға Жапсырудың үлкен мүмкіндіктері бар. Айталық ою-өрнекті балалардың өздері кескен дайын геометриялық формалардан болмасын, өсімдік формаларынан болмасын құрастыруларына болады. Сәндеу жұмыстарда дайын формалады қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың бар зейінін ою-өрнектегі элементтерді белгілі ырғақпен қайталап отыруға, үйлесімді, әдемі түстерді таба білуге бағыштауға мүмкіндік береді.

Жапсыру сабақтарында үйренген дағдыларын балалар басқа да әрекет түрлерінде, негізінен мысалы конструкция жұмысымен айналысқанда, көлеңке театрын дайындағанда, жарықпен сәндегенде, ёлка ойыншықтарында қолданылады.

**Жапсыруды орындауға қажетті материалдар мен құралдар.**

Жапсыру жұмыстары үшін әр түрлі сортты ақ және түсті қағаздар қолданылады. Фон үшін өте қалың қағаз– ақ қағазды сурет салу альбомынан, түрлі түстерінен, стол бетіне төселетін қағаздардан, сондай-ақ жұқа, картонды алуға болады. Оған жапсырылатын формаларды жұқа, ең дұрысы жұқа қағаздан кесуі керек. Ол ашық түсті және қолмен ұстағанда жұмсақ болады, бұл әсіресе кішкентай жастағы балалармен жұмыс істегенде өте маңызды.

Мектеп жасына дейінгі ересек балалар күңгірт түсті әр түрлі қағаздарды да қолданады. Егер түстің керекті түсті әр түрлі қағаздарды да қолданылады. Егер түстің керекті түрі табылмаса, қағазды бояуға

болады. Мұндай жұмысты барлық топ бойынша емес баламен сабақтан тыс жүргізу керек.

Формалар сабаққа ықтиятпен дайындалып қойылуы керек. Геометриялық формалар бір-бірімен көлем жағынан дәл, сәйкес келуі керек, сонда олардан біріңғай ою-өрнек жасауға мүмкіндік туады (мысалы, үшбұрыштың қабырғалары квадрат тың немесе ромбының қабырларымен тең болулары керек).

Кішкентайлар тобында заттарды жапсыру үшін силуэттік бейнелерді немесе заттың бөлшектерін дайындап алады. Естиярлар, ал кейде ересектер тобында сабақ жүргізу үшін қағазды алдын ала қойған тапсырмаға байланысты, белгілі бір көлемде кесін қояды. Мысалы, үйшікті жапсыру үшін, оның қабырғаларын бейнелейтін дайын қағаздың кесіндісін береді, ал баска түстегі қағаздан балалар үйдің төбесін өздері кеседі т.с.с. Мұндай дайындық жұмыстары балаларды формаларды сақтауға, үйшіктің көлемі мен бөлшектерінің пропорциясын дұрыс сақтай білуге көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі ересек балалар үшін әр түрлі түстердегі формалар қолданылады, өйткені бұл топтарда негізінен олардың өздері ойлап тапқан ойлары бойынша геометриялық формалардан декоративтік өрнектер құрастырып жапсырады, сондықтан оларда таңдап алуға керекті материалдар мол болуы шарт.

Түрлі түсті формаларды қолдану шығармашылық және өздігінше жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады. Балалар тапсырмаға байланысты өз қалауларымен керекті түстерді таңдап ала алатын болады. Сабақ үстінде балалардың өз беттерімен әдемі түстерді үйлестіріп құрастыру үшін түрлі түсті формалар мен қағаздарды таңдап ала білудің маңызы ерекше.

Клейді картоп крахмалынан дайындайды, себебі ол кепкен соң қағазда дақ қалдырмайды, ал жұмыстың түрінің таза сақталуы өте маңызды.

Сәбилердің қолына желімге арналған қылқалам беріледі, ал ересек топтың балаларына ұсақ детальдарды жапсыру үшін кейде қыл кистілер де берілеі.

Қайшылардың ықшамды, ұштары доғал болғаны және рычагтарын еркін қозғалтуға бала саусақтарының күші жететіндей болуы тиіс. Қырқып жасалатын формалардың дұрыс болып шығуы осыған байланысты.

Дайын формалар, қағаздар қиындылар салынатын легеншелер мен жайпақ қорапшалар балалардың пайдалануына ыңғайлы болу үшін керегінше қойылады.

Формаға желім жағуға керекті клеенка, шүберек пен қылқаламның астына қойғыш әр балаға жеке-жеке беріледі.

Осы сияқты көптеген құралдар жұмыс кезінде столдың үсті ыбырсып кетпейтіндей етіп ретімен қойылуы керек. Сабақ басталғанда ең бірінші керекті материалдарды ғана қойып, сабақ барысында керексіздерін алып тастап, олардың орнына керекті жаңа заттар қойылады.

Стол үсті сабақ аяқталғанша жинақы, тап-тұйнақтай болу керек. Сонымен, Жапсыру жасау процесі көптеген материалдар мен құралдарды керек етеді, сондықтан оларды алдын ала дайындап алған жөн.

Балабақшада Жапсырулық жұмыстардың дайындау формаларын жапсыру (декоративті-геометриялық және өсімдік формаларынан, заттық – жеке бөлшектермен силуэттерден ) мен кесу және формаларды жапсыру (жеке заттарды, сюжеттік, сәндік ) сияқты түрлерін қолданады.

Мектеп жасына дейінгі балалар формалардың жеке бөлшектерін немесе силует түрлерін кесулеріне болады. Затты жеке бөлшектерден құрастыру олар үшін сурет салғандағы немесе мүсін жасаудағы конструкциялық бейнелер сияқты оңайға түседі. Силуэттік кесу кесу балалар үшін қиындау, себебі оларға әр уақытта заттың жалпы контуры мен оның жеке бөлшектері арасындағы пропорцияны салыстырып отырулары керек. Сондықтан, күрделі формаларды кесу програмада тек мектепке даярлық топтары үшін қарастырылған.

Балалардың фантазиясын, қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға Жапсырудың үлкен мүмкіндіктері бар. Айталық ою-өрнекті балалардың өздері кескен дайын геометриялық формалардан болмасын, өсімдік формаларынан болмасын құрастыруларына болады. Сәндеу жұмыстарда дайын формалады қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың бар зейінін ою-өрнектегі элементтерді белгілі ырғақпен қайталап отыруға, үйлесімді, әдемі түстерді таба білуге бағыштауға мүмкіндік береді.

Жапсыру оқу қызметтерінде үйренген дағдыларын балалар басқа да әрекет түрлерінде, негізінен мысалы конструкция жұмысымен айналысқанда, көлеңке театрын дайындағанда, жарықпен сәндегенде, ёлка ойыншықтарында қолданылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұқашев М.С., Сейтімов А.Ғ., Хамзин Н.А., Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Оқулық – Астана. Фолиант, 2008-304б
2. Сакулина Н.П., Камарова Т.С. Балалар бақшасындағы бейнелеу жұмысы. Мектеп баспасы,1983ж.
3. Косминская В.Б., Васильева Е.И., Лиштван З.В., Казакова Р.Г. Балабақшадағы бейнелеу іс - әрекетінің теориясы мен методикасы. Мектеп. 1983ж.
4. Бейнелеу өнері және сызу. 2006ж.- 6. Шынар Тұрлыбекова.